

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жанарту
және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

26.04.2018
сағ.11:00

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары;

Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы;

Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы,
М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы;

Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы;

А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры;

Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: М. Ж. Әжіғұлова – ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, еңбек демалысында, 2018 жылғы 29 наурыздағы №15-о бұйрығы).

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша келіп түскен үміткердің тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

2. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы 12 бабының 4 тармағына және 21 бабына сәйкес, 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесінен №50-№57, №61-№66, №67-81 лоттарды (2015 жылғы сәуірдегі, өндірілген ет консервілері) алып тастау сұрақтарын қарастыру.

3. Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарына мемлекеттік сатып алу бойынша жасалған шарттарға сәйкес материалдық құндылықтардың көлемін азайту.

4. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №643-№647 лоттардың бойынша кесімді бағасын 2014 жылғы 17 қазандағы №1108 Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген, Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету.

5. 2018 жылғы 26 сәуірде №07/581 ММРК «Резерв» РМК қызметтік жазбасына сәйкес ММРК «Резерв» РМК төлем шотының реквизиттеріне қатысты сатып алу – сату шарттарының жобасына және тендер өткізу туралы хабарламаға өзгерістер енгізу.

1. Тендер 2018 жылғы 20 сәуірдегі мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі ММРК тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2018 жылы шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері жоқ.

ММРК-нің www.kgmr.gov.kz сайтында орналастырылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі әлеуетті үміткерден тендерге қатысу өтінімдерінің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

№	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Азия Гранд.kz» ЖШС	1	Астана қ. Кенесары көш. 51 ВП-5	25.04.2018	17:20
	Барлық конверттер:	1			

Қағидаларының 13-тармағына сәйкес тендерлік комиссия үміткер ретінде келесі қатысушыны тіркеуді шешті:

1. «Азия Гранд.kz» ЖШС(№643-№647 лоттар)

Тендерге қатысу өтінімі 16 парақта тігілген, мөрленген, нөмерленген:

1) Тендерлік өтінім;

2) 25.04.2018 жылғы №301/23/46/0419 Астана қаласы «Ресей Жинақ Банкі» АҚ ЕБ филиалының берешегі жоқтығы туралы анықтама;

2018 04 27



- 3) 30.03.2018 жылғы «Ресей Жинақ Банкі» АҚ ЕБ филиалының нотариалды куәландырылған сенімхат көшірмесі;
- 4) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) 22.01.2014 жылғы заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеу туралы анықтамасы;
- 6) 25.04.2018 жылғы № 18 төлем тапсырмасы.

Қағидалардың 35 және 36-тармақтарына сәйкес тендер комиссиясы ашық түрде дауыс беру жолымен талдау және бағалау нәтижелері бойынша жеңімпаз ретінде тану туралы **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Жалғыз үміткер ретінде № 643 лот бойынша өтінім бағасы 3 100 000 (үш миллион бір жүз мың) теңгемен «Азия Гранд.kz» тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

2. Жалғыз үміткер ретінде № 644 лот бойынша өтінім бағасы 3 100 000 (үш миллион бір жүз мың) теңгемен «Азия Гранд.kz» тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

3. Жалғыз үміткер ретінде № 645 лот бойынша өтінім бағасы 3 100 000 (үш миллион бір жүз мың) теңгемен «Азия Гранд.kz» тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

4. Жалғыз үміткер ретінде № 646 лот бойынша өтінім бағасы 3 100 000 (үш миллион бір жүз мың) теңгемен «Азия Гранд.kz» тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

5. Жалғыз үміткер ретінде № 647 лот бойынша өтінім бағасы 3 100 000 (үш миллион бір жүз мың) теңгемен «Азия Гранд.kz» тендерге қатысу өтінімін (Қағидалардың 35 т. сәйкес);

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Тендерлік комиссия күн тәртібінің екінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы 12 бабының 4 тармағына және 21 бабына сәйкес, 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесінен №50-№57, №61-№66, №67-81 лоттарды (2015 жылғы сәуірдегі, өндірілген ет консервілері) алып тасталынсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

3. Тендерлік комиссия күн тәртібінің үшінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң 39-бабының 3-тармағының 8-тармақшасына сәйкес мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарына Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы «Геологиялық барлау колледжі» КМҚМ және «Тұрақты мекені жоқ тұлғаларға арналған Екібастұз қалалық әлеуметтік бейімделу Орталығы» коммуналдық Мемлекеттік мекемесімен мемлекеттік сатып алу туралы шарттардың жасалуына байланысты:

№ 280 лоты «күріш жармасы» алып тасталсын;
көлемі азайтылсын:

- № 483 лоты «шелек 12л.» 79 дана;
- № 354 лоты «қарақұмық жармасы» 150 кг.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

4. Тендерлік комиссия күн тәртібінің төртінші сұрағы №643-№647 лотардың жеңімпазы анықталғанына байланысты қарастырудан алып тасталынды.

5. Тендерлік комиссия күн тәртібінің бесінші сұрағын қарастырып, ашық түрде дауыс беру жолымен **ШЕШІМ** қабылдады:

2018 жылғы 26 сәуірде №07/581 ММРК «Резерв» РМК қызметтік жазбасына сәйкес ММРК «Резерв» РМК төлем шотының реквизиттеріне қатысты сатып алу – сату шарттарының проекттеріне және тендер жүргізу хабарламасына өзгерістер енгізу.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2018 жылғы 26 сәуірдегі өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

ММРК 10 (он) жұмыс күні ішінде жеңімпазбен сату алу-сату шарты жасалсын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).



Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 26 сәуірде сағат 11.28-де аяқталды деп есептелсін.

Қосымша:

1. 2018 жылғы 26 сәуірдегі өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, ___ парақта.

2. 2018 жылғы 26 сәуірдегі өзгерістерді ескере отырып, сатып алу –сату шартының жобасы.

3. 2018 жылғы 26 сәуірдегі өзгерістерді ескере отырып, тендерге қатысушыларға хабарлама.


Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.




Комиссия мүшелері:


Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б. Қ.



Дүйсекенова Д.Н.




Рахаев М.Н.



Иманбаев Н.М.



Бекенов А.С.



Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.

